

**"Жаңақорған ауданының елді мекендерінің шекараларын (шектерін) өзгерту туралы" бірлескен Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 64 қаулысы және Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 380 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Бірлескен Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 127 қаулысы және Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 613 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 қаңтарда № 8036 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Жаңақорған ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жаңақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. "Жаңақорған ауданының елді мекендерінің шекараларын (шектерін) өзгерту туралы" бірлескен Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 қарашадағы № 64 қаулысы және Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 380 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7003 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 9 желтоқсанда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған бірлескен қаулы және шешімнің қосымшасындағы реттік нөмірлері он екінші және жиырма үшінші жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

12	Аққорған ауылдық округі, Түгіскен ауылы	722,5	212,2	510,3
23	Шалхия кенті	172,2	29,45	142,75

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Жаңақорған ауданының әкімі</i>	<i>Р. Рустемов</i>
<i>Жаңақорған ауданы мәслихатының кезектен тыс LVIII сессиясының төрағасы</i>	<i>Т. Мамуов</i>
<i>Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Е. Ильясов</i>